

прокурорлық ықпал ету шаралары қабылданды. Прокуратура органдарының ең басты басым бағыттарының бірі ретінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету болған және солай болып қалады. Биыл прокуратура органдары өздерінің мәртебесінің көтерілуіне және өкілеттіктерінің кеңейтілуіне байланысты қызметін жоғары және сапалы деңгейге көшіруге бет бұрды. Атап айтқанда, жыл сайын прокуратура органдарына азаматтардан келетін өтініштердің саны 20-30% арта түседі. Бір жағынан, бұл азаматтардың қадағалау органдарына сөзсіз сенімділігін және прокурорлар тарапынан олардың құқықтары мен мүдделері тиімді қорғалатыны куәландырады. Екінші жағынан, адамдардың қайырылу санының күрт өсуі қоғамның даму тұрақтылығы, тыныштық пен құқық тәртібі жағдайының сақталуын қамтамасыз етуге қосымша жауапкершілік жүктейді.

Соңғы кезде Бас прокуратураның Халықаралық ынтымақтастық департаментінің ролі өсуде, әрине, оның себебі осы жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуіне байланысты. 2010 жылы бұл прокуратура бөлімшесінің бастапқы мақсаты ретінде Қазақстан тарапынан еуропалық мемлекеттерде ұйымдастырылған негізгі іс-шараларға прокурорлардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету деп белгіленген [6, 36].

Прокуратура органдарымен өз тағдырын байланыстырған әрбір қызметкер мен барлық прокуратура органдарының әрекетіне өте көп жағдай байланысты, олар - әлеуметтік саяси тұрақтылық, азаматтардың амандығы, балалардың бақытты болашағы. Бұл өз еліміз бен барлық қазақстандықтар үшін ерен еңбек ету және бар күшімізді жұмылдыруға лайықты себеп екені сөзсіз.

1. Заң. № 9- 2008.

2. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». Егемен Қазақстан. №33-35-2010. 2- 12бет.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана. 2008.

4. Білісбеков Н. «Құқықтық саясат тұжырымдамасы – құқықтық мемлекет орнатудың жауапты кезеңі». Заң. №8-2009. 12-15 бет.

5. Сейітказықызы М. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау курсы». (оқу құралы). Алматы. 2006. 128 бет.

6. Мәми Қ. «Прокуратура органдары». Егемен қазақстан. №26- 29-2010. 2-16 бет.

\*\*\*

This article deals with the activity of the prosecuting branch in the formation of the state functioning in accordance with law in the Republic of Kazakhstan.

\*\*\*

В этой статье рассматриваются деятельность органов прокуратуры в становлении правового государства Республики Казахстан.

*С.Г. Қожакметова*

## БІРҚАТАР ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН СОТТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дүние жүзі бойынша әрбір елдің Конституциясында сот жүйесінің нысаны (құрылымы), оның құрамына жалпы соттардан өзге мамандандырылған соттардың құрылатындығы да бекітіледі. Әрине бір айта кетер жайт, бұл зерттеуде тандалмалы түрде тек ғана өмірлік іс тәжірибесі мол, ертеректе құрылған мамандандырылған соттарға ғана шолу жасалады. Қазақстанда да құрылып, не болмаса құрылу үстінде дайындық жасалып жатқан соттарға ғана тоқталып өтетініміз анық. Олар, яғни әскери, экономикалық, әкімшілік, қаржы және ювеналды соттар болып отыр. Мұндай соттардың қызмет ерекшелігін қарастыруда біз тек өркениетті жоғары дамыған - АҚШ, Франция және Германия елдеріне тоқталмақпыз. Ең алдымен сот жүйесінің, әсіресе, мамандандырылған соттар туралы, осы аталған елдерде Конституцияларындағы бекітілуіне тоқтала кетейік.

АҚШ-ң Конституциясы 17 қыркүйек 1787 ж. қабылданған. III бапта (бізше бөлімде) 3 тарауы бар. 1-тарау Біріккен штаттарда сот билігі Жоғарғы Сот және төменгі соттармен жүзеге асырылады, олар өз уақытымен Конгреспен құрылып отырады. Жоғарғы сот апелляциялық саты (инстанция) болып табылады, - делінген. 2-тарауы Жоғарғы Сот өкілеттігі, қарайтын істері жайында бекітілген. Ал мамандандырылған соттар туралы нақты бап жоқ екендігін көреміз. Олардың қызметі жеке заңдармен реттеледі деп қарастырдық. АҚШ үш буында федералды сот жүйесі мен қатар әрбір штатта өз сот жүйесі болады, Штаттың Жоғарғы сотына бағынады. Жалпы АҚШ федералды сот жүйесін 1789 ж. Сот құрылысы туралы АКТ құрайды [1,356].

Франциядағы сот жүйесі мәселесін, оның құрылысын ең алды оның 3 маусым 1958 жылы қабылданған Конституциясынан қарастырайық. Франция Конституциясының VII бөлімінде «Сот билігі» туралы бекітілген. 64-бабына сәйкес, онда: «сот билігінің тәуелсіздігіне Президент кепілдік береді, оған Магистратураның Жоғары Кеңесі көмек көрсетеді»- делінген. Конституциясының осы бөлімінде үш бап, яғни 64,65,66 сот билігіне арналған. 65-бабы Магистратура Жоғары Кеңесі құрамы, құзіретіне арналған. Ал, IX бөлім «Сот төрелігінің Жоғары палатасы» деп аталады. 67-бапқа сәйкес, Сот төрелігінің Жоғары палатасы құрылады оның құрамы, қызметінің тәртібі Конституциялық заңмен реттеледі. 68- бап Республика сот 15 судьядан тұрады, оның құрамының қызметке келуі және басқа да жағдайлар Конституциялық заңмен реттеледі [1,48].

Германиядағы соттардың мамандандырылу мәселесі оның Негізгі Заңында (23 мамыр 1949 ж. Қабылданған) қарастырылады. Оның IX бөлімі «Сот төрелігі» деп аталады, құрамына 92-104 аралығындағы баптар кіреді. 92-бап Сот билігіндегі судьяларға тапсырылған; ол Федералды Конституциялық сот, федералды соттар және жерлер соты (суды земель) арқылы орындалады. Ал осы мамандандырылған соттарға байланысты Германия Негізгі заңында 95- бапта былай делінген: «жалпы әкімшілік, қаржылық, еңбек және әлеуметтік юстиция аясында сот

төрелігін жүзеге асыру үшін Федерация Жоғары сот палатасы ретінде Федералды сот палатасын, Федералды әкімшілік сот, Федералды қаржылық палатасын, Федералды еңбек ісі бойынша соты (трудовой суд) және федералды әлеуметтік сот құрады. Бұл соттардың судьяларын тиісті саладағы министр судьяларды сайлау комитетімен бірлесе шешеді және олардың (сот) құзыреті – Федералды заңмен реттеледі». 96-бапта Федерация өнеркәсіптік меншікті құқықтық қорғау ісі бойынша Федералды сот құруы мүмкін делінген. Федерация Қарулы Күштер үшін әскери- қылмыстық соттарды Федералды соттар ретінде құруы мүмкін. Бұл соттар қылмыстық юрисдикциясын қорғаныс кезінде немесе Қарулы Күштердің құрамындағыларға және шетелге жіберілген, немесе әскери кемедегілерге жүзеге асырылады [1,102].

Германия сот жүйесі негізінен Конституциясынан кейінгі ретте 1975 ж. қабылданған «Сот құрылымы туралы» заңмен («Закон о судоустройстве») реттеледі. Міне, аталмыш елдерде арнаулы түрде нақты мамандандырылған соттарға байланысты баптар Конституцияда көрсетілмеген. Олар конституциялық заңдарда жеке бекітіледі. Бастапқыда сот жүйесінде құрылған мамандандырылған, кейбір елдерде арнаулы соттар деп те аталып жүретін ең көп таралған түрі бұл - әкімшілік соттар. Мамандандырылған әкімшілік соттар құру барлық мемлекеттердің өзіне сай ұлттық құқық жүйесіндегі әкімшілік құқық саласының одан ары дамуына жаңа серпіліс берді. Әкімшілік юстиция қызметін, дүние жүзіндегі өркениетті дамыған елдердегі олардың құрылуын, ары қарай даму өзгерістерін талдап қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Адам құқығына лауазымды тұлғалардың тарапынан қысым көрсетілмеуіне сонау ежелгі грек елінің және ежелгі Римде қарастырылған мәселелердің бірі болған. Римде республикалық кезеңде апелляциялық құқық орнатылып, әр жапа шеккен адам (яғни римляндіктер) еркін Жиынға (кейінірек Халық трибуналы) өтінішпен шағымдана алған. Орта ғасырлар тарихында, мысалы, Англияда бітімгершілік судьяларының (мировые судьи) қызмет бабы, яғни лауазымы орныққан сәттен басталады деуге болады. Өйткені, олар ортақ басқару функцияларымен қоса әкімшілік юстиция қызметін атқарды. Бұл ағылшындық бітімгершілік судьялар тұрғындардың салық, полиция және басқа мемлекеттік органдар арасындағы дау- дамайды шешіп отырған. Ортағасырлық Францияда мұндай істерді Парламент қарастырған. Бұл уақытта олар жоғарғы - әкімшілік ұйым ретінде қалыптасқан [2,45].

Сонымен, Францияда әкімшілік юстицияны – Мемлекеттік Кеңес басқарады, құрамына: Әкімшілік апелляциялық соттар (1987 ж. құрылған) және әкімшілік соттар бар. Француздық құқық әдебиеттерінде әкімшілік юстицияны ерекше ақындап көрсетеді. Оның құрамына Есеп соты (Счетный суд), Қаржы және бюджеттік тәртіп соты, банктер ісі бойынша комиссия, әлеуметтік көмек көрсету Орталық комиссиясы, ұлттық білім Жоғары Кеңесі, және де әр түрлі қызметтік бағыт бойынша ұлттық және жергілікті кеңестер (мысалы, дәрігерлер ісі бойынша) Ұлттық кеңес, Ұлттық архитектура кеңесі және өзге де 30-дан аса ұйымдар кіреді [3,405].

Ал АҚШ-ғы әкімшілік юстицияға келер болсақ, мұнда осы мәселеге байланысты іс қарайтын мамандандырылған органдар ХХ ғ. бастап ғана құрыла бастаған. Бұл органдар квазисоттық деп аталады, өйткені олар әкімшілік ведомстволар құрамына енген. АҚШ сот жүйесіне байланысты заңи әдебиет беттеріне тоқталар болсақ, мұнда жалпы юрисдикциялық соттардан басқа федералды соттар жүйесінің құрамында жеке категориялар бойынша іс қарайтын мамандандырылған соттар қызмет етеді деп көрсетіледі. Бірінші сатылы (инстанция) федералды мамандандырылған соттарға мыналар жатады: АҚШ-ң Наразылық соты (Претензионный суд) АҚШ Үкіметіне жеке тұлғалардың 10 мың доллардан асқан шағымдарын қарайды; Сыртқы сауда істері бойынша АҚШ соты, импорт тауарлары операциялары бойынша істерді қарайды; АҚШ салық соты, федералды салық ведомстволары шешімдеріне шағым білдірген істерді қарайды. Осы үшеуі АҚШ әкімшілік юстиция жүйесіне кіреді. Федералды мамандандырылған апелляциялық соттар, оларға мыналар кіреді: АҚШ Колумбия федералды округі бойынша апелляциялық соты, Наразылық соты (Претензионный суд) және сыртқы сауда ісі бойынша соттар, басқа да әкімшілік юрисдикциялық квазисоттық органдардың шешімдеріне шағымдарды қарайды [4,770].

Германияда әкімшілік іс жүргізу құқығы ең алдымен 21 қаңтар 1960 ж. Әкімшілік соттар туралы Ережеге сүйенеді. Әкімшілік юстиция бұл елде де 3 буынды болып құрылады: төменгі буын – федералды жерлерде әкімшілік соттар I саты (инстанция) бойынша шешімді 3 кәсіби судьялар мен 2 кәсіби маман еместер (заседательдер) жүргізеді; ортаншы буын – жоғарғы әкімшілік соттар құрылған, федералды жерлерде құрылған кейбіреулерінде әкімшілік сот палаталары деп аталады (апелляциялық саты); Ең жоғарғы буында- Федерация, яғни Федералды әкімшілік сот құрылған Лейпциг қаласында (кассациялық саты) [5,24].

Осы соттарға қысқаша тоқтала кетейік. Әкімшілік соттар (Verwaltungsgericht) I-сатылы істерді қарайды. Бұл соттың шешімдері апелляциялық тәртіпте Жоғары әкімшілік сотқа шағымдалуы мүмкін. Әрине, ол үшін шағым беруге нақты бір жағдай, I-сатылы сот шешіміне күмәннің болуы қажет, және де іс аса маңыздылығымен ерекшеленуі қажет. Жоғары әкімшілік сот (Oberverwaltungsgericht) бұл сот кейбір жерлерде (земли Федерации) Әкімшілік юстиция соты (Суд административной юстиции) деп аталады, ол I-сатылы істерді қарайды, әрине бұл істер аса жоғары масштабты техникалық жобалар бойынша және т.б. Бұл соттың шешімі (оның рұқсатымен), тараптардың ұйғаруы бойынша Федералды әкімшілік сотқа шағымдалуы мүмкін. Федералды әкімшілік сот (Bundesverwaltungsgericht), бұл сот Жоғары әкімшілік сот шешіміне және ревизиялық тәртіпте шағымдарды қарайды. Әкімшілік соттардың шешімдерін, егер олар бойынша апелляция беру мүмкіндігі тыйым салынған болса қарайды [6,84-85].

Әр дамыған өркениетті мемлекеттерде мамандандырылған соттар, соның ішінде - экономикалық соттар құрылатыны айқын. Олар ең алдымен сол елдегі кәсіпкерлік мәселелерге байланысты шаруашылық және экономикалық дауларды қарайтын мамандандырылған соттар болып табылады.

АҚШ экономикалық соттары. Федералды сот жүйесі өзіне арнаулы юрисдикция соттарын да қосады. Осы экономикалық сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты соттар қызметін қарастырып көрейік. Олар- халықаралық

сауда ісі бойынша соттар. Олар халықаралық сауда және кеден төлемдеріне байланысты туындайтын дауларды қарайды. Ол өмір бойына Президентпен тағайындалатын 9 судьядан тұрады. Федералдық наразылық соты (претензионный суд) 1982 ж. бастап қызмет етеді. Ол федералды билік қызметінің тигізген әсеріне байланысты келтірілген нұқсанды өтеуге байланысты азаматтардың және жеке кәсіпкерліктердің шағымдарын қарайды. [7,164-165].

Франция экономикалық соттарының бірнеше ғасырлық тарихы бар сауда соттарды (торговые суды) құрайды. Бұл соттардың өзіндік ерекшелігі, олар толығымен коммерсанттардан тұрады, яғни оларды өз әріптестері сауда операцияларына қатысты дауларды шешу үшін сайлайды. Олар ерекше құзыреті бар, олар ұжымдық процедуралар бойынша, саудаға байланысты шаруашылықтардың мәртебесін өзгерту немесе олардың қызметін тоқтату (ликвидация) туралы мәселелерді қарайды. Төраға өкілеттілігі Францияның Үлкен сатылы сот (Суд большой инстанции) өкілеттігімен бірдей болады. Сауда соты жоқ жерлерде олардың орнына оның құзыреті қатысты істерді осы Францияның Үлкен сатылы соты (Суд большой инстанции) қарайды. Ғимараттарды коммерциялық мәселе бойынша қолдануға байланысты жалдау (аренда) ісі бойынша дауларды сауда соты емес Францияның Үлкен сатылы соты (Суд большой инстанции) шешеді. Ал ауыл шаруашылық бағыттағы жерлерді жалдау (аренда) бойынша туындаған дауларды ауыл шаруашылығы жерлерін жалдау (аренда) бойынша соттар қарайды. Бұл соттар құрамы: төраға және төрт заседатель, олардың екеуі жалға беруші, басқа екеуі жалға алушы болып табылады [6,285].

Германия экономикалық соты. Германияда нақты «экономикалық» деген атаумен мамандандырылған сот құрылмаған, оның функциясын өз құзыреті шеңберінде өзге соттар атқаруда. Бұған дәлел ресейлік з.ғ.д., профессор М.И. Клеандровтың пайымдауы негіз болады, яғни экономикалық сот төрелігін жүзеге асыруда оның құзыретін (толық түрде емес) әкімшілік және қаржылық соттар атқарады деп көрсетеді өз еңбегінде [8,328].

Қандай да болмасын мемлекет өзін әлемдік дәрежеде көрсеткісі келсе, онда осы жоғарыда айтылған Қарулы Күштері, әскери юстиция, яғни әскери соттары құрылып, өз құзыреті шегінде қызмет етеді.

АҚШ-ғы әскери соттар, әскери қызметшілердің құқық бұзушылығы туралы істерді қарайды және тәртіптік (дисциплинарлық) әскери соттар, олар көбіне қылмыстық құқық бұзушылыққа байланысты істерді қарайды; арнайы әскери сот – жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру жазасы 6 айдан көбірек мерзімге тағайындалатын істерді қарайды; жалпы әскери соттар, олар барлық әскери қызметшілердің қылмысын қарастырады. Апелляциялы юрисдикциядағы әскери соттар. Олар екі деңгейлі құрылымды, олар өзіне қадағалау әскери сот (Қарулы Күштердің әрбіреуіне бір- бірден құрылатын - әскери, әуе әскери күштері және әскери теңіз флоты), және де соңғы (түпкілікті) саты ретінде Әскери апелляциялық соты бар. Мамандандырылған апелляциялық соттың шешімдері АҚШ Жоғарғы Сотына шағымдалуы мүмкін [3,139].

Францияда әскери сот төрелігі «аралас» юрисдикциядағы әскери соттар құрылған мемлекеттер қатарына жатады. Қазіргі уақытта бұл елде 1965 ж. қабылданған Әскери юстиция Кодексі (Code de Justice Militaire, қысқаша - CJM) қолданылады. CJM 1965 ж. 500 астам бап қамтыған төрт кітаптан тұрады. Осы баптың көбі әскери сот іс жүргізуіне (судоустройство) және қылмыстық –процессуалдық құқық мәселесіне арналған.

Қылмыстық - құқықтық нормалар үшінші кітапта «Әскери сот қолданатын жазалар және әскери қылмыстар» ретінде бекітілген, ол 110 баптан тұрады. Францияда ұзақ уақыт әскери қызметшілердің қылмыстық істерін қарайтын көптеген арнайы сот органдары қызмет етті. Бірақ 1982 ж. заң негізінде бейбіт жағдайдағы әскери трибуналдар қысқартылған (қызметін тоқтатқан), демек Франция Парламенті заңнамаға өзгертулер енгізу арқылы бейбіт кездегі Республика аумағында орналасқан әскери соттардың қызметі жойылады деп бекітті. 1999ж. осы CJM реформалау туралы Заңымен Париж қаласының Қарулы Күштер трибуналы (Tribunal aux Armes de Paris) құрылды, оның қарауына шет елдердегі француз әскери қызметшілері жасаған қылмыстар бойынша істер жатады делінді. Қазіргі уақытта Францияның ҚІЖК (УПК) 702- бабында CJM де бекітілген қылмыстар бойынша істер және де мемлекет мүддесіне қарсы қылмыстар: мемлекетке опасыздық жасау және шпионаж, оларды жалпы соттар: түзету соттары (исправительный суд) және «присяжный соты» қарайды. Бірақ бұл жерде де біршама мамандандырылу негізі көрінеді, өйткені әрбір түзету соттарында (исправительный суд) әскери алқалар құрылады, ал присяжный соты әскери қызметшілер ісі бойынша олардың құрамы, халық арасынан таңдалатын алқа заседательдерінің орнына 7 кәсіби судьядан құрылады [9,38].

Германия әскери сот Негізгі заңының 96 (2)- бапта Федерация Қарулы Күштер үшін әскери- қылмыстық соттарды Федералды соттар ретінде құруы мүмкін. Бұл соттар қылмыстық юрисдикциясын қорғаныс кезінде немесе Қарулы Күштердің құрамындағыларға және шетелге жіберілген немесе әскери кемедегілерге жүзеге асырылады [1,101].

Германия әскери соттары үшінші топ, яғни «бейбіт уақытта мемлекет аумағында әскери- қылмыстық соттар құрылмайды» деген мемлекеттер қатарына жатқызуға болады. Жоғарыда атап өткендей, Германия Негізгі заңының 96-бабының 2-тармағында осы Әскери сот туралы бекітілген. Әрине бұл бапта жалпы әскери соттар туралы емес, тек әскери- қылмыстық соттар туралы айтылған.

Қазіргі уақытта неміс әскери- сот органының жүйесі екі округтегі (біреуі –солтүстік аумақ (регион), келесісі - оңтүстік) әскери соттардан және Федералды Әкімшілік сот, құрамында Жоғары Әскери сот деп аталатын екі әскери палата бар. Дегенмен де, әскери соттар бейбіт уақытта құрылмауымен қатар Германияда Әскери-қылмыстық кодекс қолданылатынын ескерген жөн, ол өйткені өз нормаларымен әскери соттың жоқтығын білдірмейді /компенсирует/ және әскери қызметшілердің қылмыстық жауаптылығының құқықтық негіздерін жүзеге асыру нысандарын іске асырады [9,44]. Келесі мамандандырылған соттар – қаржылық соттар. Көбіне

олар: Англия, АҚШ, Турция, Германия және Францияда бар. Германия қаржылық юстиция аясында екі сатылы қаржылық соттар бар, олар: қаржылық сот (Finanzgerichte) және Федералды қаржылық соты (Bundesfinanzhof). Германия Федеративті Республикасында 19 қаржылық соттар және Федералды қаржылық сот Мюнхенде орналасқан. Қаржылық сот шешіміне Федералдық қаржылық сотқа ревизиялық тәртіпте шағымдануға болады, егер де ол қаржылық сот шешімінде көрсетілсе.

Сонымен, осы соттың шешімі Федералдық қаржылық сотқа шағымдану пәні бола алады. Федералдық Қаржылық соты қаржылық соттың шешіміне ревизиялық және кассациялық негізде шағымдарды арайды. Бұл істер сенатпен, ұрамында бес кәсіби судья (кей кезде үш судьямен қаралады) [6,86-87].

Францияда Есеп палатасы, оны Франция есеп шоттар соты (Счетный суд) деп те атайды (Court Accounts of France қызмет етеді). Бұл Есеп палатасы – сот жүйесінің құрамында қалыптасқан. Сот ретінде қаржылық орталықтың есеп шоттарын тексереді. Есеп палатасы – апелляциялық саты /инстанция/ болып табылады, аумақтық есеп палаталарының шешімдеріне түскен шағым арыздардың негізінде сот шешімдерінің дұрыстығын қарайды. Есеп палатасы 7 палатадан құрылады. Есеп палатасы жұмысының бір жылдық есебін тікелей Республика Президентіне табыстайды.

Демек, демократиялы елдерде, әсіресе жас, дамушы елдерде сирек кездесетін мамандандырылған соттардың тағы бір түрі бұл – кәмелетке толмағандардың істері бойынша соттар (ювенальная юстиция). Көптеген мамандандырылған соттардың ішінде ерекше орынды иеленеді, кейде олар отбасы мәселесі бойынша соттардың функциясын біріктіреді. Олар қазіргі таңда бірқатар шет мемлекеттерде құрылған. Мысалы, Германияда кәмелетке толмағандардың істері көбіне 1-сатылы болып қаралады және де апелляциялық та болуы мүмкін. Бұл соттың судьяларына қойылатын талаптың бірі – педагогикалық мамандық иесі болуы және де жасөспірімдермен тәрбиелік жұмыстарды жүргізе алатын болуы керек делінеді. Көбіне мұндай істерді қарау жабық түрде өтеді. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі соттарда Көмек көрсету Орталығы (Служба Помощи) бар, олар жасөспірімдердің, яғни айыпталушының жеке қасиеттері, оның мінез – құлқы, оның қоршаған ортасы жайында мағлұмат береді және өз ойларын да қоса айтуы мүмкін және іс қарауда сарапшы қатысуы мүмкін [10,112].

Жастар ісі юстициясы Францияда. Францияда арнайы қылмыстық соттарға кәмелетке толмағандар ісі бойынша соттар жатады. Қылмыстық істер бойынша жауаптылық – 13 жастан басталады, егер де кәмелетке толмағанға тәрбиелеу шарасы тағайындалса, онда жасөспірім құқық бұзушыға тәрбиелеу орнында жазасын өтеуге құқық беріледі әне іске адвокат қатысуы міндетті.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыға үш түрлі жаза қолданылады: тәртіптік- тәрбиелеу арқылы әсер ету. Ол тек ескерту, тәртіптік- тәрбиелеу орнына жатқызу, уақытша бас бостандығынан айыру /условное/; келтірілген нұқсанды өтеу. Оны қолдану үшін әрине жәбірленушінің келісімі талап етіледі. Егер де құқық бұзушы 16-18 ж. толған болса, ол қоғамдық жұмыстарға жіберілуі мүмкін; бас бостандығынан айыру, бұл орайда кәмелетке толмағанды бостандығынан айыру, кәмелет жастағы (ересек) адамдардың бас бостандығынан айыру мерзімінің жартысынан аспауы тиіс [3,405].

АҚШ ювеналды юстиция. АҚШ кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапқа тарту жасы әр штатта әр түрлі 10-18 аралығы. Іс қарауда адвокат қатысуы міндетті емес, сот отырысы жабық түрде болады (өтеді). АҚШ кәмелетке толмаған құқық бұзушылар құнын (выкуп) төлеу арқылы босатуға тыйым салынған. АҚШ кейбір құқық бұзушылық түрі үшін кәмелетке толмағандардың ата- анасы жауапқа тартылуы мүмкін, мысалы, егер де олар өздерінің ата-ана ретіндегі міндеттерін дұрыс (лайықты) орындамаса. Барлық кәмелетке толмаған құқық бұзушы үшін жаза түрі бірыңғай болып келеді. Американдық құқық жүйеде кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі соттар әр түрлі атауы бар, олар біршама актілермен реттеледі, дегенмен де олардың барлығына ортақ негіздер бар, олар:

- кәмелетке толмағандардың ісі айыптау акті бойынша емес, құқық бұзушылық туралы «петицияға» негізделеді (бұл, кәмелетке толмағандардың соттық құқық бұзушылығы туралы петицияны: полицейлік қызметкер, ата-анасы, опекун, кәмелетке толмағандардың зардап шегуші, куәгер және т.б. бере алады).

- әлеуметтік қызмет өкілдері және психиатрдың қатысуымен іс қарау жабық сот отырысында қаралады [11,56-57]. Сонымен, мамандандырылған соттардың қолданылу жағынан тәжірибесі мол АҚШ, Франция, Германия елдерін қарастырылып, талдау мен қорытынды жасалды.

АҚШ сот жүйесін зерттеу бойынша онда бірқатар мамандандырылған соттардың құрылып, қызмет етуі анықталды: еңбек даулары бойынша соттар, наразылық бойынша (претензионный), кеден ісі бойынша сот, кеден және патенттік істер апелляциялық соты, салық, әскери соттар. Бірақ АҚШ қандай да бір дауды шешуге құқылы ұйым (орган) сот органдары болып табылмайды. Көбіне бұл квазисоттық қызмет атқаратын әкімшілік ұйымдар (органдар).

Францияда мамандандырылған соттар екі топқа бөлінеді: жария құқық саласы аясындағы бірқатар соттар және қылмыстық істермен айналысатын соттар. Жария құқық аясындағы мамандандырылған соттарға сауда (торговые) соттар, прюдомдар кеңесі (советы прюдомов), әлеуметтік сақтандыру ісі бойынша соттар. Екінші топтағы мамандандырылған соттарға: кәмелетке толмағандар ісі бойынша соттар, әскери трибуналдар және теңіз сауда соты (коммерческие морские суды). Әсіресе, ерекше көңіл аударғатыны, бұл Францияның әкімшілік сот жүйесі (административная юстиция), ол өзіне жалпы әкімшілік соттар, мамандандырылған әкімшілік соттар, апелляциялық сот және Республиканың Мемлекеттік кеңесін қамтиды.

Германия соттары мамандандырылуы сыртқы нысанда жүргізілген. Қазіргі уақытта мұнда сот билігінің органдарын дербес түрдегі бес соттық жүйе бөліктерін құрайды: жалпы, әкімшілік, еңбек, қаржылық, әлеуметтік

юстиция. Дүние жүзінде өзге де мамандандырылған соттар қызмет етуде, олар: отбасы, салық, кеден, патенттік, мұрагерлік жөніндегі соттар, нашақорлыққа байланысты сот (АҚШ) және т.б.

Міне, бұл осы шет елдеріндегі мамандандырылған соттардың жалпы юрисдикциялық соттармен қатар сот жүйесінде немесе сот жүйесінен дербес өз алдына юстиция, сот бөлігін (подсистема) тәріздес құрылуын көреміз. Мамандандырылған соттарда іс жүргізуі көбіне азаматтық және қылмыстық іс жүргізу негіздерінде жүргізіледі, солардан тарайды. Сонымен, мамандандырылған соттардың құрылып, қызмет етуін екі нысанда қарастыруға болады делік, яғни сот жүйесінің құрамындағы және сот жүйесінен тыс жеке жүйебөліктерін құрайтын соттар болып табылады. Ал, Қазақстанда қалыптасып келе жатқан жана бір институт, яғни осы мамандандырылған соттар бұлар әрине сот жүйесіне енгізілген, соның құрамында қалыптасып отыр. Яғни, ішкі мамандандырылуға жатады.

1. Конституции зарубежных государств / сост. В.В. Маклаков. - М., 2000.-592 с.
2. Абдраимов Б.Ж. «Административная юстиция: соотношение моделей и выбор цели» // Юрист, 2003, №12. – С. 44-46
3. Конституционное право зарубежных стран. Особенная часть. Отв.ред. д.ю.н., проф. Б.А. Страшун. –М.: Норма, 2006.- 1104 с.
4. Конституционное право зарубежных стран. Общая часть. Отв.ред. д.ю.н., проф. Б.А. Страшун. –М.: Норма, 2007.- 896 с.
5. Нугманова Э. «Административное правосудие в Германии» // Юрист 2005.- №1. - С. 24-25
6. Судебная система европейских стран. Перевод с англ., О.Ю. Кобякова.-М., 2002.-336с.
7. Лафитский В.И. Основы конституционного права США.- М., 1998.- 268 с.
8. Клеандров М.И. Экономическое правосудие в России: прошлое, настоящее, будущее.- М., 2006.-600 с.
9. Военные суды в современном мире / под ред. А.Я. Петроченкова. – М.: Норма, 2006. – 272 с.
10. Алебастрова И.А. Конституционное право зарубежных стран.- М., 2004. – 192с.
11. Жетписбаев Б.А. Ювенальная юстиция.-Алматы: Данекер, 2002. -144 с.

\*\*\*

The article reveals the questions of making of specializing courts and their peculiarities in foreign countries, as France, USA, Germany. Also the comparative elements of these courts concerning to Republic of Kazakhstan are reduced in this article.

\*\*\*

В данной статье раскрываются вопросы создания специализированных судов и их особенности в некоторых зарубежных государствах, как Франция, США, Германия. Приводятся сравнительные моменты данных судов касательно Республики Казахстан.

## *Н. Молдазым*

### **УЧАСТИЕ СПЕЦИАЛИСТОВ ПРИ РАССЛЕДОВАНИИ МОШЕННИЧЕСКИХ ДЕЙСТВИЙ С КРЕДИТНЫМИ РЕСУРСАМИ**

Эффективное расследование мошенничества с кредитными и финансовыми ресурсами невозможно без участия специалистов. Специфика расследования данного преступления обуславливает необходимость как можно более широкого привлечения специалистов. Помощь специалистов используется в некоторых формах: консультации и участие в проведении отдельных следственных действий. Консультация специалиста организуется чаще всего для ознакомления с условиями и правилами работы той или другой организации, к расследованию незаконной деятельности, к которой приступает следователь. Следователь не может владеть всеми знаниями, которые могут быть полезными при разоблачении преступника. В связи с этим следователь объективно вынужден приглашать соответствующих специалистов для оказания ему помощи при расследовании преступлений [1, с.31-50; 2, с.7-52].

Потребность в помощи специалиста-консультанта возникает на начальном этапе расследования, когда следователю необходимо получить консультацию по экономическим категориям, механизму ведения хозяйства, сути хозяйственных процессов и операций, оценки экономической деятельности, указаний, решений, в связи с анализом состояния учета, отчетности, механизма их формирования, правильности их составления, изучение порядка учета и движения товарно-материальных ценностей, финансов, отражение в документах фактов, имеющиеся признаки нарушений экономических процессов. Специалист поможет следователю выявить и проследить нарушение экономических связей в деятельности субъектов ведения хозяйства, сформулировать в постановлении вопрос эксперту, определить задание ревизорам или аудиторам [3, с.11-13]. Специалист окажет помощь в разъяснении назначения и характеристики документов, их взаимосвязи при отображении финансово-хозяйственных операций, порядка заполнения и срока прохождения для фиксации в отчетных регистрах, а также сроков и места сохранения. Непосредственно при проведении выемки специалист окажет помощь в определении документов, составлении их комплектности и необходимого объема. На окончательной стадии проведения данного следственного действия он окажет помощь в составлении протокола выемки с перечнем наименования и объема изъятых документов [3, с.11-16]. Знания специалиста-экономиста помогут следователю эффективно и результативно осмотреть документы. Специалист поможет выбрать из большого количества документов те, которые характеризуют производственную и финансовую деятельность, отображают следы преступной деятельности или указывают на обстоятельства их использования с целью сокрытия следов преступления.

Предметом консультации со специалистом в банковской сфере может быть: а) выяснение вида реквизита и степени значения того или другого документа в финансово-кредитной операции; б) механизм движения документов и фиксация их в кредитных учреждениях; в) порядок сохранения документов и условия их получения; г) возможность использования технических средств для получения или изготовления документов.

Специалист в отрасли бухгалтерского учета может предоставить консультации по поводу: 1) процедуры движения денежных средств; 2) документальной фиксации и учета финансовых операций; 3) бухгалтерской